ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 2(22) сәуір-маусым 2020*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Іслəмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы əдебиет жəне өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттәшұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*
*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*
*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*
*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*
*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*
*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna
**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna
**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich
**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna
**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

# ДОҢЫЗТАУДАҒЫ БЕСБАЙ ЖӘНЕ ИЗЕНАҒАШ ДІНИ-ТҰРҒЫН КЕШЕНДЕРІНІҢ МЕШІТТЕРІ

**Әшім Б.Ә.**

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері, әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың PhD докторанты.

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* XIX ғ. ортасында Доңызтау ауданында «мешіт, медресе, тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар, рулық бейіттер, бұлақтар немесе құдықтардан (оның астауларымен)» тұратын өзіндік ерекше «діни-тұрғын кешендер» бой көтерді. Бұндай кешендер көшпелілердің көш жолдарының бойында күзеу өрісінде салынды. Діни-тұрғын кешендердің салынуына – қазақ даласындағы көшпелілердің жартылай-отырықшылыққа, отырықшылыққа ауысуының әсері және ислам дінінің қарқынды жүрген идеологиясы маңызды рөл атқарды. Мұндай жағдайлар, жаңадан бой көтерген діни-тұрғын кешендерінде өзгеше типтегі мешіттердің пайда болуына әкелді. Мәселен, Доңызтау ауданында «екі күмбезді», «төрт күмбезді», «алты күмбезді» етіп көмкерілген және кейде төбе жабыны қарапайым тегіс етіп жабылған мешіттер салынды. Мешіттер бірнеше бөлмелерден тұрды. Мақалада автор Доңызтау ауданындағы діни-тұрғын кешендерінің қалыптасу тарихының кейбір мәселелерін қарайды. Сонымен қатар, Бесбай және осы уақытқа дейін белгісіз болып келген Изенағаш діни-тұрғын кешендерінің мешіттеріне сипаттама беріп, оның кейбір ерекшеліктеріне талдау жасалынған.
**Түйін сөздер:** Бесбай, Доңызтау, Изенағаш, михраб, мешіттер, күзеу, діни-тұрғын кешені, ислам діні

# МЕЧЕТИ КУЛЬТОВО-ЖИЛИЩНЫХ КОМПЛЕКСОВ БЕСБАЙ И ИЗЕНАГАШ В ДОНЫЗТАУ

**Ашим Б.А.**

Научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, PhD докторант КазНУ им. аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы.

**Аннотация:** *Введение.* В середине XIXвека в районе Донызтау появились «культово-жилищные комплексы», включавшие в себя «мечети, медресе, жилища, хозяйственные постройки, родовые кладбища, родники либо колодцы». Подобные комплексы создавались вдоль кочевых путей. Район Донызтау являлся районом осенних стоянок родов шомишти-табын. На возведение культово-жилищных комплексов оказали влияние переход кочевников казахской степи на полуоседлый, оседлый образ жизни; важную роль играла динамично развивающаяся идеология исламской религии. Такая ситуация привела к появлению особого типа мечетей во вновь возникших культово-жилищных комплексах. К примеру, в районе Донызтау были построены «двухкупольные», «четырехкупольные», «шестикупольные» мечети, а в некоторых случаях – мечети из простого ровного кровельного покрытия. Мечети состояли из нескольких помещений. В статье автор рассматривает некоторые вопросы истории формирования культово-жилищных комплексов в районе Донызтау. Наряду с этим, анализируются материалы, собранные автором в период проведения «Западно-Казахстанской комплексной этноархеологической экспедиции» в

Донызтау в 2019 году (руководитель – С.Е. Ажигали). Дается анализ комплекса Бесбай и неизвестного до настоящего времени комплекса Изенагаш, характеристик и отдельных особенностей мечетей на их территории.
**Ключевые слова.** Донызтау, исламская религия, культово-жилищный комплекс, мечети, михраб, Бесбай, Изенагаш.

## MOSQUES OF BESBAY AND IZENAGASH RELIGIOUS-RESIDENTIAL COMPLEXESIN DONYZTAU

**Ashim B.A.**

Researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, PhD student of the Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** *Introduction.* Therewas a special «religious-residential complex» consisting of «mosques, madrassas, houses, outbuildings, cemeteries, springs or wells (with its tributaries)». in Donyztau district in the middle of the 19th century. Such complexes were built along the roads in the fields of nomads. «Donyztau district» was mainly a settlement of bucket-herd tribes. An important role in the construction of religious and residential complexes was played by the influence of the nomads of the Kazakh steppes on the transition to semi-settlement and settlement, and the dynamic ideology of Islam. Such circumstances have led to the emergence of different types of mosques in the newly built religious and residential complexes. For example, in Donyztau district, mosques were built with «two domes», «four domes», «six domes» and sometimes with a simple flat roof. Mosques consisted of several rooms. In this article, author considers some issues related to the formation of religious and residential complexes in Donyztau district. In addition to this, there given an analysis of characteristics and features of Besbay and unknown before this day Izenagash religious-residential complexes mosques. Also, there presented new materials from the «West Kazakhstan ethno archaeological complex expedition» (led by S.E. Azhigali) in 2019 in Donyztau district.
**Keywords**: Donyztau, Islam, religious and residential complex, mosques, mihrab, Besbay, Izenagash.

### Кіріспе

Доңызтау ауданы Батыс Қазақстан аймағында орналасқан, нақтырақ айтқанда Солтүстік Үстірт шыңдарын бойлай батыс бағытқа қарай созылып, кең жайылып аққан Шаған өзенінің төменгі ағысындағы өңірді қамтып жатыр. Ал тарихи-мәдени тұрғыдан «Доңызтау ауданы» жоғарыда аталған территориямен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, Тассай алқабынан шығысқа қарай, Солтүстік Үстірт, Шағырай шоқыларына іргелес жатқан өңірлер және Желтау кіреді (қазіргі бөлініс бойынша Ақтөбе облысының Байғанин ауданы мен Атырау облысының Жылой ауданының аумақтары). Сондай-ақ, Доңызтау шығысында Қошқар-ата, Қыздаршыққан және солтүстігінде Сарықұм, Терескен құмды аудандарымен шектесіп жатыр (Аджигалиев, 1994: 49). Доңызтау ауданы негізінен шалғай аудан болғандықтан оның табиғаты өзгеше және жер бедерлері де күрделі болуымен ерекшеленген. Мұнда тау қалдықтары мен шыңдардан, тегіс кеңістіктен, үлкен аумақты алып жатқан сорлардан және құмдауыттардан тұрады. Доңызтау сөзі «тауды мекен еткен жабайы доңыздар» атауынан шыққан-ды. С.Е. Әжіғалидің жергілікті информатордан алған дерегі бойынша Доңызтау ертеректе Талды-өзек аталған (талды алқап). Мұнда ағып жатқан Шаған өзенінің төменгі ағысының бойында көптеген талдар өскен; тоғай, тіпті орманды алқап болған. Осы тоғайда көптеген жабайы доңыздар мекен еткен» (Аджигалиев, 1994: 49). Осыған орай, халық арасында бұл өңір Доңызтау аталған-ды.

**Материалдар мен әдістер**

Мақалада 2019 ж. «Доңызтау ауданында» жүргізілген «Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы» (жетекшісі С.Е. Әжіғали) кезінде автордың жинаған материалдары қарастырылады. Онда Бесбай және жаңадан ашылған ескерткіш Изенағаш діни-тұрғын кешендерінің мешіттері сипатталады. Негізінен мақала кешенді сипатқа ие, ол тарихи-этнография, этноархеология және жаңа ғылыми бағыт қазақ ескерткіштануы ғылым салаларын қамтып жатыр. Мақалада эмпирикалық-салыстырмалы сипаттау, талдау, синтездеу, ретроспективті әдістері кеңінен қолданылды.

**Талдау** (тақырыптың зерттелуі)

Доңызтау ауданының өзіндік ерекше діни-тұрғын кешендеріндегі мешіттер жайлы алғашқы зерттеулер С.Е. Әжіғалидің еңбектерінде сипатталған (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2002: 98-128; Әжіғали, 2015: 6-17 бб.). Онда Доңызтауда орналасқан XIX ғ. ортасы – XX ғ. басына жататын бес мешіттің жоспары мен сипаттамалары берілген. Оның ішінде Бесбай мешіті де суреттелген (Ажигали, 2002: 106-114). Сонымен қатар, Л.Р. Турганбаеваның зерттеулерінде Доңызтаудағы кейбір діни-тұрғын кешендерінің мешіттері және оның медреселері жөнінде далалық материалдармен толыққан (Турганбаева, 2011; Турганбаева, 2012). Этнографтар Р.А. Бекназаров, Қ.Қ. Рахбаевтар соңғы жылдары арнайы түрде Доңызтау ауданындағы (Ақтөбе облысының басқа да өңірлерін) мешіттердің тарихы, ерекшеліктері және дін қайраткерлері жайлы далалық экспедиция және архив материалдары бойынша зерттеу жүргізіп келеді (Бекназаров, 2018; Рахбаев, 2020).

**Зерттеу нәтижелері**

XIX ғ. ортасында далалық аймақтарда көшпелі қазақтардың әлеуметтік-экономикалық ахуалы және дәстүрлі шаруашылықтары түбегейлі өзгерістерге ұшырап, жартылай-отырықшылыққа, отырықшылыққа ауысты. Бұған, әуелі әсер еткен патшалық биліктің отарлау саясаты, әсіресе, қазақтың ертеден қалыптасқан жерді пайдаланудың істеріне патшалық биліктің иелік етуі маңызды рөл атқарды. Шөп шабудың дамуы, қыстаулардың өсуі, егіншілік пен сауда-саттықтың артуының әсерінен дәстүрлі көш жолдары қысқарды, жайылым жерлер тарылды. Рухани және материалдық мәдениетте өзгерістер келді. Мұндай қазақ даласындағы күрделі кезеңді «тарихи-мәдени бетбұрыстар дәуірі» деп те атайды (Ажигали, 2004: 67). Қазақ даласында осындай күрделі өзгерістер кезеңінде Доңызтау ауданында «мешіт, медресе, тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар, рулық қорымдар және бұлақтар мен құдықтардан (оның астауларымен)» тұратын өзіндік ерекше *«діни-тұрғын кешендер»* бой көтерді. Діни-тұрғын кешенінің (культово-жилищные комплексы) терминін алғаш С.Е. Әжіғали ғылыми айналымға енгізген. Ол Доңызтау ауданында орналасқан 20-ға жуық діни-тұрғын кешендерін тауып, оның біршамасында зерттеу жүргізген (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2002: 98-128; Әжіғали, 2015: 6-17 бб.). Доңызтау ауданының жер бедерлері күрделі болуына байланысты, мұнда орналасқан діни-тұрғын кешендер бірнеше топтарға бөлініп, бірі кең алқапты сайда, бірі жыраларда, бірі жонның бөктерінде шоғырланып кең аумақты алып жатыр. Мәселен, бір тобы мешіт, медресе және тұрғын үйлерден, екінші тобы бейіттер немесе қорымдардан, үшінші тобы шаруашылық құрылыстардан (мал қоралар және т.б.), төртінші тобы бұлақтар мен құдықтардан тұрды.

Діни-тұрғын кешендердің қалыптасуына тағы бір айрықша маңызды рөл атқарған ислам дінінің қарқынды жүрген идеологиясы болды. XIX ғ. екінші жартысында қазақ даласында ислам дінінің таралуы екі бағытта жүрді. Біріншісі солтүстікте Қазан және Уфа қалаларының теология орталықтарының әсері болса, екіншісі оңтүстікте Түркістан, Бұқара және Хиуаның сопылық бағытта діни мектептерінің ықпалы болды (Бекназаров, 2018: 24). Мұндай жағдайлар қыстауларда

және жаңадан бой көтерген діни-тұрғын кешендерінде түрлі типтегі мешіттердің пайда болуына әкелді. Мысалы, Ақтөбе облысының аумағында салынған мешіттердің кейбірі «татар типіне» тән болса (Дүйсенбі ахун мешіті, Мәжит Фаткуллин мешіті, Шәкен ишан мешіті және т.б. (Ажигали, 2002: 178-179, 202-203; Әжіғали, 2015: 27-б.)), ал облыстың оңтүстік аудандарында өзіндік айрықша төлтума Доңызтаулық болып табылатын, бірақ Маңқыстау стиліне жақын «екі күмбезді», «төрт күмбезді» және «алты күмбезді» қарапайым мешіттердің пайда болуымен ерекшеленді (Сүлікті мешіті, Ақсай мешіті, Бесбай мешіті, Қайнардағы Досжан-ишан мешіті және т.б. (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2002: 98-128)).

Доңызтаудың діни-тұрғын кешендері көшпелі қазақтардың көш жолдарының бойында күзеу немесе көктеу өрісінде салынды. Қазақ малшыларында көп жағдайда күзеу мен көктеу өрісі бір жерде болды. Олар қыстау мен жайлау қоныстарының арасында көш жолдардың бойында орналасты. Доңызтау ауданы негізінен шөмішті-табын руларының (сонымен қатар, адай руларының) күзеу қонысы болды. Кешендерде ишан, молда, медресенің оқушылары және жатақтар өмір сүрді. Қой-ешкінің күйігін алу, күзем жүнін қырқу, соғым сою, қыстау-қораларды жөндеу, тұрмыстық заттарды дайындау және отын әзірлеу секілді қыруар жұмыстар осы күзеу өрісінде атқарылды. Сонымен қатар, ишан-молдалар көшпелілердің балдарын оқытып, сауатын ашты; қайтыс болған кісілер осында жерленіп, рулық зираттар-қорымдар көбейді; ірі ас беру жиі ұйымдастырылып, күзеу қонысы діни рәсімдерді өткізудің маңызды функциясы болып табылды. Өз кезегінде көшпелілер де мешіт кешендерін қыста жағатын отындарын жеткізіп беріп тұрды; жатақтар астықпен қамтамасыз етіп отырды. Осылайша, діни-тұрғын кешендер XIX ғ. – XX ғ. басындағы көшпелілердің қоныстық жүйесінде, мәдениетте, шаруашылықта маңызды рөл атқарды (Ажигали, 2002, Т.5: 171). Яғни, күзеу өрісі өзгеше дамып, онда қыстың қамы үшін атқарылатын дәстүрлі шаруашылықтармен қатар, күзеу қонысында ишан-молдалар көшпелілердің балдарын оқытты, қайтыс болған кісілер осында жерленіп, рулық бейіттер-қорымдар ұлғайды, ірі ас беру жиі өткізілді және басқа да түрлі қызметтер мешіт кешенінің негізгі атқаратын жұмыстарына айналды. Мұндай жағдайлар да, мешіттерге біршама әсері болды. Мәселен, мешіттердің кейіннен бірнеше бөлмелерге бөлінуі; адам санының көбейуінен (мүмкін?) мешітке қосымша бөлмелердің қосылуы; мешітте имам және әйелдерге арналған бөлмелердің болуы (мүмкін?); мешіттің ішінде кейде арнайы дәрісхана ретінде бір бөлменің арналуы; мешіттің жанынан медересенің салынуы (худжра); мешіт жанына кейде қосымша кейін салынған отын-жай сақтайтын бөлмелердің болуы және т.б. ерекшеліктерімен сипатталды (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2002: 98-128; Турганбаева, 2011; Турганбаева, 2012). Осыған орай, төменде автордың экспедиция кезінде жинаған материалдары бойынша (АДЭМ, 2019) Бесбай және Изенағаш діни-тұрғын кешендерінің мешіттеріне сипаттама беріліп, оның кейбір ерекшеліктері талқыланады.

**Бесбай діни-тұрғын кешеніндегі мешіт**

Кешен Доңызтау ауданындағы Тұщцы-айрық құдығынан солтүстік-батысқа қарай 13,8 км қашықтықта орналасқан (қазіргі Байғанин ауданыДияр ауылынан оңтүстік-шығысқа 46,4 км). Ескерткішті өткен ғасырдың 80 жж. және 90 жж. басында С.Е. Әжіғали зерттеп, ғылыми айналымға енгізген (Аджигалиев, 1994: 56-57; Ажигали, 2002: 106-115). Кешен шөмішті-табын руларының көш жолдарының бойында маңызды жүк тиетін орындардың бірі ретінде XIX ғ. бірінші жартысында салынған. Мұндағы тұрғын жайлар, мешіт-медресе және рулық зираттар көшпелілердің күзеу қонысы ретінде қолайлы болған. Қоныстың кейбір тұрғындары (молда, оның шәкірттері және жұмысшы-жатақтар) жылдың көп бөлігін осында өмір сүрген. Дегенмен, жан-жақтан қатты соғатын жел болғандықтан мұндай жерлер, әсіресе қыстау ретінде пайдалану көшпелілер үшін мүлде қолайсыз (Ажигали, 2002: 106-107). Оған экспедиция кезінде (2019 ж. қазан айының соңғы күндері) жан-жақтан тоқтаусыз қатты соққан желге біз де куә болдық.

Бесбай кешені күрделі жер бедерлерінде орналасуымен ерекшеленген. Кешендегі ескерткіштердің орналасуына орай жоғарғы және төменгі деп екі бөліктен тұрады. Олардың арақашықтығы 800 м. Жоғарғы бөлігінің ескерткіштері Үстірт жонының қырларында кең терассада батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Онда шағын бейіт, тұрғын үйдің қалдығы және жеті құдықпен оның тас астаулары орналасқан. Ал төменгі бөлігінде мешіт, медресе және бірнеше тұрғын жайлардың қирандылары шеңберлі алаңда орын теуіп, үш жағын қоршаған үстірт шоқылары табиғи көркемдік беріп тұр.

Мешіт кешеннің төменгі бөлігінде тұрғын-жайлармен қатар орналасқан. Мешіттің жоспары төртбұрышты болып (6,8х9 м), төрт бөлмеге бөлінген. Атап айтқанда, намаз оқитын бөлме, дәліз (ауыз үй) және қосымша тағы екі бөлмеден тұрады (сурет 1). Мешіт негізінен аласа етіп салынған (қабырғаның биіктігі 1,9 м). Мұндай аласа етіп салынған мешіттерді осы өңірдің басқа да кешендердің мешіттерінен кездестіруге болады (Ажигали, 2002: 105). Сондай-ақ, мешіттің барлық есіктері енділеу болғанымен (0,9 м), аласа етіп жасалған. Ғимараттың қабырғасы күңгірт-қызыл шойтастардан тұрғызылған. Шойтастардың араларын балшықпен байланыстырып, шебер әрі берік етіп қаланған. Мешіттің ішкі қабырғалары қара сылақпен сыланып (сабан араластырғанға ұқсайды), оның сыртынан ақ бормен ақталған. Мешітті Өмірбай-ақын салғызған (Ажигали, 2002: 107).



Сурет 1. Бесбай діни-тұрғын кешеніндегі мешіт, 2019 ж.
а) Мешіттің жоғарыдан түсірілген көрінісі
ә) Мешіттің намаз оқитын залының ішкі көрінісі

Намаз оқитын бөлменің жоспары квадрат болып келген (5,6х5,6 м). Оңтүстік қабырғада конха формасында шағын михраб орналасқан (ені 85 см, биіктігі 126 см). Михрабтың іргетасы төрт қырлы. Терезелері михрабтың екі қапталында орын тепкен. Олардың жоспары төртбұрышты әрі шағын етіп салынған. Бөлменің дәл ортасында берік пилон (бағана) орнатылған. Пилон төртбұрышты етіп (0,8х0,9 м) шойтастардан шебер тұрғызылған. Осы пилоннан төрт қабырғаның ортасына аркалар тасталып, намаз оқитын бөлмені төрт бөлмеге бөліп тұрғандай. Аркалар аласа салынып (ішінен есептегенде биіктігі 1,6 м), маңдайшасының құрылысы кесекпен қырынан қаланған. Бөлменің тағы бір ерекшелігі, төбе жабыны төрт күмбезді етіп жабылған. Яғни, әдеттегі ортада орналасқан пилоннан төрт қабырғаның ортасына тасталған аркалар бөлменің төбесін төрт күмбезге бөліп тұр және қабырғалардың түйіскен бұрыштарында тромп салынып архитектуралық

шешімін тапқан. Күмбездері кесектен қаланған. Алайда, қазіргі таңда күмбездер толықтай қираған. Намаз оқитын бөлменің интерьері аркалар арқылы бірнеше бөлмелерге бөлу және төбе жабыны төрт күмбезді немесе алты күмбезді етіп көмкерілген мешіттер Доңызтаудың басқа да кешендердің мешіттерінен кездестіруге болады (Ажигали, 2002: 103-117). Бөлменің солтүстігінде көрші болып енсіз бөлме қосылған. Бұның да төбе жабыны сақталмаған. Алайда, С.Е. Әжіғалидің сипаттауынша бұл бөлменің төбе жабыны қорапты тоғыспа (коробовый свод) етіп жабылған (Ажигали, 2002: 107). Намаз оқитын бөлменің шығыс жағында көлденеңінен мешітке кіретін дәліз орналасқан (1,1х5,3 м). Оның шығыс қабырғасында әдеттегідей аласа есік салынып, тағы бір шағын бөлмемен жалғасады (4,2х4,5 м). Сонымен қатар, мешіттің жанында медресе болған (Ажигали, 2002: 114). Алайда, оның тек бүгінде іргетасының іздері ғана сақталған.

**Изенағаш діни-тұрғын кешеніндегі мешіт**

Кешен Доңызтаудың Құрсай қорымынан солтүстік-батысқа қарай 7 км қашықтықта орналасқан (қазіргі Байғанин ауданына қарасты Тассай бекетінен оңтүстік-батысқа қарай 60 км). Кешенмешіттің қирандысы, белгісіз құрылыстың қалдықтары, ескі қорым және құдықтардан тұрады. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылған 400 м жуық аумақты алып жатыр. Бесбай кешеніне қарағанда аумағы жағынан кіші әрі ескерткіштердің орналасуында жер бедерлерінің ерекшелігі бар. Дегенмен, кешеннің ескерткіштері жазық алаңда орын тепкен. Бірақ, мешіттің тұрған жерінен есептегенде, солтүстік және солтүстік-батысқа қарай 50-60 м қашықтықтан кейін тік құламалы терең әрі кең сайға ұласады. Осы сайдың бөктерінде кешеннің құдықтары және оның астаулары жатыр. Мешіттің оңтүстік-шығысында 120 м қашықтықтан кейін XIX ғ. соңы – XX ғ. басына жататын кешеннің қорымы орналасқан. Қорым солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созыла 115 м аумақты алып жатыр.

Мешіт кешеннің жазық бөлігінде орналасқан. Мешіттің жоспары төртбұрышты (14,6х11,5 м), сақталған қабырғаларына қарағанда төрт бөлмеге бөлінген. Атап айтқанда, намаз оқитын бөлме, ауыз үй және тағы екі бөлмеден тұрады (сурет 2). Қабырғасы қарапайым тастардан тұрғызылған. Тастардың araларын балшықпен байланыстырып, шебер әрі берік етіп қаланған. Барлық қабырғалары біршама жақсы сақталған. Ең биік сақталған қабырғасы 3 м (мешіттің оңтүстік және оңтүстік-шығыс қабырғасы). Ал қалыңдығы 1 м дейін жетеді. Алайда, мешіттің төбе жабыны бүгінде сақталмаған.




Сурет 2. Изенағаш діни-тұрғын кешеніндегі мешіт, 2019 ж.
а) Мешіттің жоғарыдан түсірілген көрінісі
ә) Мешіттің намаз оқитын залының ішкі көрінісі

